

**«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының  
(«Нұрбанк» АҚ)  
екінші облигациялық бағдарламасының  
шеңберіндегі**

**ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ  
ЕКІНШІ  
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ  
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

Шығарылым	<b>екінші</b>
Облигация түрі	<b>қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар</b>
Шығарылым көлемі	<b>20 000 000 000,00 (Жиырма миллиард) теңге</b>
Облигацияның номиналы	<b>100 (Жүз) теңге</b>
Саны	<b>200 000 000 (Екі жүз миллион) дана</b>
Шығарылым формасы	<b>құжаттамасыз</b>

Уәкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алуы инвесторларға анықтамалықта сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныстар беруін білдірмейді. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган сол құжатта қамтылған ақпараттың шынайылығына жауапты емес. Облигациялардың шығарылымының анықтамалығы тек Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру тұрғысынан қарастырылды. Осы анықтамалықта қамтылған ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілік эмитенттің лауазымды тұлғаларына артылады және сонда берілген барлық ақпарат шынайы екенін және инвесторлардың эмитентке және оның облигацияларына қатысты жаңылыстырмайтындығын растайды.

Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың екінші шығарылымының анықтамалығы 2014 жылдың 30-қыркүйегіндегі күй-жай бойынша жасалды, қаржылық көрсеткіштер 2014 жылдың 1-қазанындағы күй-жай бойынша берілді.

**Алматы, 2014 ж.**

1. Облигациялардың бұл шығарылымы «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк, эмитент) екінші облигациялық бағдарламасының шығарылымының анықтамалығына сәйкес жүзеге асырылады.

<b>Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер</b>	
<b>Облигациялық бағдарламаның анықтамалығының мемлекеттік тіркеуге алынған күні</b>	Екінші облигациялық бағдарлама шығарылымының анықтамалығы осы екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялар шығарылымы анықтамалығымен бір уақытта тіркеуге жіберіледі
<b>Екінші облигациялық бағдарламаның шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай есептегендегі көлемі</b>	100 000 000 000,00 (Жүз миллиард) теңге
<b>Облигация шығарылымының реттік нөмірі</b>	Екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі 2 (екінші)
<b>Облигациялардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органға тіркетілген күні, облигациялардың саны, номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны)</b>	Бұл облигациялық бағдарламаның шеңберінде Банк бұрын облигациялар шығармаған
<b>Облигациялық бағдарламаның шеңберінде бұрын шығарылған облигациялармен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар</b>	Бұл облигациялық бағдарламаның шеңберінде Банк бұрын облигациялар шығармаған

<b>Екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі екінші облигациялар шығарылымының құрылымы</b>	
<b>Облигация түрі</b>	Купондық қамтамасыз
<b>Шығарылатын облигациялардың саны</b>	200 000 000 (екі жүз миллион) дана
<b>Номиналдық құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі</b>	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге
<b>Бір облигацияның номиналды құны</b>	100 (жүз) теңге
<b>Облигациялар бойынша сыйақылар</b>	
<b>Сыйақы мөлшерлемесі</b>	Тіркелген, облигация айналымының бүкіл мерзімінің ішінде облигацияның номиналдық құнының жылдығы 4% (төрт пайыз)

<b>Сыйақы есептеу басталатын күн</b>	Облигация айналымы басталған күннен бастап
<b>Сыйақы есептеу мерзімділігі мен күндері</b>	Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу жылына екі рет, әр алты ай сайын, облигация айналымы басталған күннен бастап, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын жүзеге асырылады
<b>Сыйақы есептеу тәртібі мен шарттары</b>	<p>Облигациялар бойынша сыйақылар сол кезең үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша облигацияларды ұстаушылардың реестріне енгізілген тұлғаларға төленеді.</p> <p>Купондық сыйақыны төлеу сол кезең үшін төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ақшаларды теңгемен облигация ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелері бойынша облигация ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Егер облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда ақшаларды теңгемен облигация ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелері бойынша облигация ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады. Теңгемен есептелген соманы ақша айырбасталған күнгі Банк белгілеген тарифпен басқа валютаға айырбастауға болады. Теңгемен есептелген соманы басқа валютаға айырбастау облигация ұстаушының есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі мен купонды есептеу кезеңінде ұстаған күндер санының (айда 30 күн есебінде) 360 күнге бөлінген мәні ретінде есептеледі.</p>
<b>Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</b>	Сыйақы (купон) есептеу үшін 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) уақыттық база қолданылады.
<b>Индекстелген облигацияларды шығару кезіндегі есеп айырысу тәртібі</b>	Бұл шығарылымның облигациялары индекстелмеген.
<b>Егер сыйақы мөлшерлемесі тіркелмеген болса, оның мөлшерін белгілеу тәртібі көрсетіледі</b>	Купон бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылады.
<b>Облигациялардың айналымы мен өтеу туралы мәліметтер</b>	
<b>Облигациялардың айналымы басталатын күн:</b>	Айналым басталған күн болып облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілген күн табылады.
<b>Облигациялар айналымы жоспарланған нарық</b>	Облигациялардың айналымы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қарастырылған.
<b>Облигациялар айналымының мерзімі</b>	Облигациялардың айналым мерзімі – айналым басталған күннен бастап 2 (екі) жыл.

<b>Облигацияларды өтеу шарттары мен тәсілі</b>	<p>Облигациялар айналым мерзімінің соңында номиналды құн бойынша теңгемен, бір уақытта ақшаны облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына аудару арқылы соңғы купондық кезең үшін сыйақы төлеумен бірге өтеледі.</p> <p>Соңғы купондық кезең үшін негізгі қарыз бен сыйақыны (купонды) алуға сол кезең үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша облигация ұстаушылардың реестріне тіркелген тұлғалардың құқығы бар.</p> <p>Егер облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, негізгі қарыз бен купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда ақшаларды теңгемен облигация ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелері бойынша облигация ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады. Теңгемен есептелген соманы ақша айырбасталған күнгі Банк белгілеген тарифпен басқа валютаға айырбастауға болады. Теңгемен есептелген соманы басқа валютаға айырбастау облигация ұстаушының есебінен жүзеге асырылады.</p>
<b>Облигацияларды өтеу күні</b>	Облигацияларды өтеу басталатын күн – облигация айналымы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі келесі күн.
<b>Облигациялар өтелетін жер</b>	Банктің атқарушы органы орналасқан жер бойынша: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғ., 51-53, «Нұрбанк» АҚ.
<b>Облигациялар бойынша қамтама</b>	Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген.
<b>Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер</b>	<p>«Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамы облигацияларды ұстаушылардың өкілі болып әрекет етеді, ол бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылады, өз қызметін 2004 жылдың 22-қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі номиналды ұстаушы ретінде шоттар жүргізуге құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік-дилерлік қызмет атқаруға берген № 0401200886 лицензияның негізінде жүзеге асырады.</p> <p>05.07.2004 жылдан бастап «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның мүшесі болып табылады.</p> <p>Облигация ұстаушылардың өкілі орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Манаса көш., 32а, "Сад бизнес" бизнес-орталығы, 2-ші қабат; Телефон: (727) 259 88 77, 311 11 11; Факс: (727) 259 88 87 2014 жылғы № _____ Облигация ұстаушылардың мүддесін қорғау туралы келісімшарт. бірінші басшының аты-жөні – Басқарма төрағасы Камаров Талгат Каирбекович</p>
<b>Тіркеуші туралы мәліметтер</b>	<p>Облигация ұстаушылардың реестрлері жүйесін жүргізуді лицензиясыз әрекет ететін «Единый регистратор ценных бумаг» Акционерлік қоғамы.</p> <p>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141; Телефон: +7 (727) 272-47-60; 01.01.2014 жылғы № 983 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлері жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы келісімшарт.</p>

<p><b>Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер</b></p>	<p>2010 жылдың 07 қазанындағы н/ж Қаржылық қызмет көрсету жөніндегі Шекті Келісімге сәйкес облигацияларды орналастыру барысында Эмитенттің андеррайтерді – 04.06.2007 жылы Қазақстан Республикасының Қаржылық нарық пен қарыжылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігі номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға берген № 0401201611 лицензияның негізінде әрекет ететін «Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ тартуы қарастырылған. Орналасқан жері: Алматы қ., Республика алаңы, 13, 106-шы офис.</p>
<p><b>Төлем агенті туралы мәліметтер</b></p>	<p>Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен облигациялардың номиналды құнын төлеуді Банк өзі дербес жүзеге асырады.</p>
<p><b>Облигацияны ұстаушыға берілетін құқық</b></p>	<p>Эмитенттің облигация ұстаушылары келесілерге құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• осы Анықтамалықта қарастырылған мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу;</li> <li>• осы Анықтамалықта қарастырылған мерзімдерде сыйақы алу;</li> <li>• облигация облигацияларды еркін сату және өзгеше түрде адалау;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасына қарастырылған тәртіпте ақпарат алу;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан шығатын өзге құқықтар.</li> </ul> <p>Бұл шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.</p>
<p><b>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар</b></p>	<p>Облигациялар бойынша дефолт – купондық сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын өтеу кезінде оларды және соңғы купондық сыйақыны осы Анықтамалықта белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлемеу немесе ішінара төлемеу. Егер сол мерзім аяқталғаннан кейін эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушылардың барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Егер Банк өз міндеттемелерін еңсерілмейтін күштер жағдайының салдарынан ішінара немесе толығымен орындамаған болса, сол міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштер жағдайы деп – басталуын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмаған (дүлей құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) жағдайларды түсінеміз. Еңсерілмейтін күштер жағдайы туындаған жағдайда осы Анықтамалық бойынша Банктің өз міндеттемелерін орындау мерзімі сондай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен мерзімге тең уақытқа ұзартылады.</p>

<p><b>Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе лайықты орындамаған кезде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау жосықтары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сыйақы және/немесе негізгі қарызды төлеу бойынша облигация ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін эмитенттің кінәсінен орындамаған және/немесе уақытында орындамаған жағдайда Банк облигация ұстаушыларға ақшалай міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындамаған күнге (атап айтқанда сол кезең үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күнге) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін орындалмаған міндеттеме сомасына әр кешіктірілім күні үшін өсімақы есептейді және төлейді.</li> <li>• Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Банк дефолт тудырған себептерді жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.</li> <li>• Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитент қолданған және эмитенттің төлеу қабілеттілігін қайта қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешектерді өтеуге бағытталған шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге әрекеттерді қамтиды.</li> <li>• Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттармен жүзеге асырылады. Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім облигация ұстаушылардың өкілінің міндетті түрде қатысуымен өтетін келіссөздер жүргізу арқылы облигация ұстаушылармен келісіледі.</li> </ul>
<p><b>Эмитенттің облигация ұстаушыларға эмитент дефолт басталған факті туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің сипаттамасы, мерзімі және тәсілі</b></p>	<p>Банк анықтамалықта белгіленген облигацияларды орындау күніне дейінгі ең кемі үш жұмыс күніне кешіктірмейтін мерзімде хабарлама-хатты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің (dfo.kz) ресми сайттарында жариялау арқылы облигацияларды ұстаушыларға осы Анықтамалықта қарастырылған шарттар бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін емес екенін хабарлайды. Ол хабарлама-хатта келесілер қамтылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• дефолт факті туралы;</li> <li>• облигациялардың параметрлері;</li> <li>• сыйақы және/немесе облигацияның номиналды құны төленуі тиіс болған күн;</li> <li>• дефолт күніне Банктің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі туралы;</li> <li>• міндеттемелерді орындамаудың себептері туралы;</li> <li>• облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша болжалданған әрекеттері туралы, олардың Банкке қойған талабымен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса;</li> <li>• Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге ақпараттар.</li> </ul> <p>Көрсетілген ақпаратты Банк өзі дербес ашады.</p>
<p><b>Эмитент дефолт болған</b></p>	<p>Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған</p>

<p><b>жағдайда өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың болжалданған әрекеттері</b></p>	<p>жағдайда облигация ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Анықтамалықпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттармен жүзеге асырылады.</p>
<p><b>Эмитенттің облигация шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы</b></p>	<p>Эмитенттің облигациялардың осы шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.</p>
<p><b>Эмитенттің өз қызметі мен қаржылық жағдайы туралы облигация ұстаушыларға ақпарат беру тәртібі</b></p>	<p>Банктің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы, оның ішінде ағымдағы қызметі, облигация ұстаушыларының мүдделеріне едәуір қатысты оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссиондық бағалы қағаздар листингі туралы келісімшартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің (dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында және Банктің сайтында (<a href="http://www.nurbank.kz">www.nurbank.kz</a>) жарияланады.</p>
<p><b>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер</b></p>	<p>Облигацияларды шығарудың негізгі мақсаты Банктің қорландыру базасын арттыру және диверсификациялау болып табылады.</p> <p>Сонымен қатар Банк қаражаттарын Қазақстан Республикасының нақты экономика секторын кредиттеуге бағыттауға ниетті. Атап айтқанда Банк Қазақстан Республикасының Шағын және орта бизнесінің операциялық қызметі және кредиттік тарихы жағымды кәсіпорындарын кредиттеуді жалғастырады, сондай-ақ Бөлшек сауда бизнесі бағдарламасын дамытады. Эмитент келешекте кредиттеуді өз қаражаттары есебінен, сондай-ақ ішкі нарықта қорландыру есебінен қолдауды жоспарлап отыр.</p>
<p><b>Облигацияны өтеу сәтіне дейін әр сыйақы төлеу кезеңі бөлігінде эмитенттің сыйақы төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажет ақшалай қаражаттарының дереккөздері мен ағымын болжау</b></p>	<p>Купондық сыйақыны төлеу және негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін Банк негізгі қызметінен түсетін ақша қаражаттарының ағымына болжам жасайды (1-Қосымшаны қараңыз).</p>
<p><b>Шектеулер (ковенанттар)</b></p>	<p>1) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзбау;</p> <p>2) Аудиторлық компаниялар Банкке сондай есептерді беру мерзімдерін бұзған жағдайларды қоспағанда, Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімдерін бұзбау.</p> <p>Банк облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ковенанттардың бұзылуына жол бермей мақсатында барлық қажет шараларды қолдануға міндеттенеді.</p>

	<p>Осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген шектеулер (ковенанттарды) бұзылған жағдайда Банк бұзылым басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға өзінің корпоративтік интернет-ресурсында (<a href="http://www.nurbank.kz">www.nurbank.kz</a>) ақпарат жариялайды және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсында (<a href="http://kase.kz">kase.kz</a>) жариялау үшін бұзылымның туындау себептері толық сипатталған және облигация ұстаушылардың Банкке бұзылымды тоқтату талаптары үшін жасалатын әрекеттердің тізбесі қоса көрсетілген жазбаша хабарлама береді.</p> <p>Банк осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген шектеулер (ковенанттарды) бұзылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұзылымды тудырған себептерді жою бойынша барлық мүмкін болған шараларды қолданады.</p>
<p><b>Орналастырылған облигацияларды сатып алу</b></p>	<p>Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабына сәйкес;</li> <li>2) Қажеттілікке қарай және Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде жүзеге асырады.</li> </ol> <p>Мәміленің мерзімдері мен бағасы мәмілені жасау сәтінде жинақталған нарықтық шарттарға қарай белгіленеді.</p> <p>Банк орналастырылған облигацияларды олар айналымда болған мерзім ішінде сатып алуға құқылы. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналады және Банк өзінің бағалы қағаздар нарығында сатып алынған облигацияларын олар айналымда болған бүкіл мерзім ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта сатуға құқылы.</p>
<p><b>Опциондар туралы ақпарат</b></p>	<p>Облигациялар бойынша опциондар қарастырылмаған.</p>
<p><b>Айырбасталатын облигациялар</b></p>	<p>Шығарылып жатқан облигациялар айырбасталмайтын облигациялар болып табылады.</p>
<p><b>Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі</b></p>	<p>Облигациялар сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығында ұйымдастырылған облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде орналастырылады.</p> <p>Бүкіл инвесторлар арасында орналастыру мерзімдері мен шарттары туралы Банк өзінің корпоративтік сайтында (<a href="http://www.nurbank.kz">www.nurbank.kz</a>) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) жариялау арқылы хабарлайды.</p>
<p><b>Облигацияны төлеу шарттары мен тәртібі</b></p>	<p>Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырған кезде облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі, есеп айырысу тәсілдері сауда-саттықтың ұйымдастырушысының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.</p>

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



К. Орынбаев

А. Филатова



Эмитенттің облигацияларды өтейтін сәтке дейін сыйақы төлеудің әр кезеңін жеке-жеке алып, сыйақы төлеу мен негізгі қарыз сомасын өтеу үшін керек ақшалай қаржысының көздері мен түсімдерінің болжамы (мың теңге).

№ р/р	Атауы	2014 жыл		2015 жыл				
		IV тоқсан	Барлығы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы
1	Банкаралық нарыққа тартылғандар (Қазақстанның ішкі нарығында)	0	0	875 000	1 875 000	1 875 000	875 000	5 500 000
2	БҚ қоржыны	634 782	634 782	621 703	393 000	11	1 300 000	2 314 714
3	Банк шығарған БҚ		0	0	35 000 000		20 000 000	55 000 000
4	Сыртқы міндеттемелерді тарту (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0	0	0	0	0	0	0
5	Клиенттердің қаржысын тарту (мерзімділік, а/ш)	37 890 072	37 890 072	53 507 782	22 417 317	21 366 362	9 348 623	106 640 085
6	Кредиттік қоржынды өтеу	14 786 568	14 786 568	14 786 568	14 786 568	14 786 568	14 786 568	59 146 274
7	Басқа тартулар	0	0	0	0	0	0	0
<b>I</b>	<b>Ақша түсімдерінің барлығы:</b>	<b>53 311 422</b>	<b>53 311 422</b>	<b>69 791 054</b>	<b>74 471 886</b>	<b>38 027 941</b>	<b>46 310 192</b>	<b>228 601 073</b>
1	Банкаралық нарықта өтеу/орналастыру (Қазақстанның ішкі нарығында)		0	-1 000 000	-5 000 000			-6 000 000
2	БҚ қоржыны	-1 292 782	-1 292 782	-1 996 703	-1 768 000	-2 375 011	-3 675 000	-9 814 714
3	Банк шығарған БҚ (o.i. %%)	-711 869	-711 869	-5 702 473	-711 869	-553 732	-1 674 369	-8 642 443
4	Сыртқы міндеттемелерді өтеу (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0	0	0	0	0	0	0
5	Клиенттердің қаржысын өтеу (мерзімділік, а/ш)	-17 842 113	-17 842 113	-46 985 727	-15 895 262	-14 844 306	-2 826 568	-80 551 862
6	Кредиттік қоржыннан беру	-28 373 134	-28 373 134	-23 592 658	-23 592 658	-23 592 658	-23 592 658	-94 370 630
7	Ақшаның жылыстауы (ДАМУ)	-163 288	-163 288	-1 158 590	-143 250	-1 136 775	-366 688	-2 805 303
<b>II</b>	<b>Жылыстайтын ақшалардың барлығы:</b>	<b>-48 383 186</b>	<b>-48 383 186</b>	<b>-80 436 150</b>	<b>-47 111 039</b>	<b>-42 502 481</b>	<b>-32 135 282</b>	<b>-202 184 952</b>
<b>III</b>	<b>ӨТІМДІЛІК</b>	<b>4 928 236</b>	<b>4 928 236</b>	<b>-10 645 097</b>	<b>27 360 847</b>	<b>-4 474 540</b>	<b>14 174 909</b>	<b>26 416 120</b>
<b>IV</b>	<b>Өспелі қорытындылы өтімділік</b>	<b>36 868 880</b>	<b>36 868 880</b>	<b>26 223 784</b>	<b>53 584 631</b>	<b>49 110 091</b>	<b>63 285 001</b>	<b>63 285 001</b>

№ р/р	Атауы	2016 жыл					2017 жыл				
		I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы
1	Банкаралық нарыққа тартылғандар (Қазақстанның ішкі нарығында)	875 000	4 875 000	1 875 000	1 875 000	<b>9 500 000</b>	1 250 000	4 250 000	1 250 000	2 250 000	<b>9 000 000</b>
2	БҚ қоржыны	1 575 000	1 000 000	2 410 001	5	<b>4 985 006</b>	2 500 000	85 763	1 969 840	0	<b>4 555 603</b>
3	Банк шығарған БҚ			15 000 000		<b>15 000 000</b>					<b>0</b>
4	Сыртқы міндеттемелерді тарту (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0	0	0	0	<b>0</b>	0	0	0	0	<b>0</b>
5	Клиенттердің қаржысын тарту (мерзімділік, а/ш)	33 832 956	33 832 956	33 832 956	33 832 956	<b>135 331 823</b>	43 713 673	43 713 673	43 713 673	43 713 673	<b>174 854 693</b>
6	Кредиттік қоржынды өтеу	16 265 225	16 265 225	16 265 225	16 265 225	<b>65 060 901</b>	17 891 748	17 891 748	17 891 748	17 891 748	<b>71 566 991</b>
7	Басқа тартулар	0				<b>0</b>	0				<b>0</b>
<b>I</b>	<b>Ақша түсімдерінің барлығы:</b>	<b>52 548 181</b>	<b>55 973 181</b>	<b>69 383 182</b>	<b>51 973 186</b>	<b>229 877 730</b>	<b>65 355 421</b>	<b>65 941 184</b>	<b>64 825 261</b>	<b>63 855 421</b>	<b>259 977 287</b>
1	Банкаралық нарыққа өтеу/орналастыру (Қазақстанның ішкі нарығында)	-875 000	-4 875 000	-1 875 000	-875 000	<b>-8 500 000</b>	-875 000	-875 000	-1 875 000	-1 875 000	<b>-5 500 000</b>
2	БҚ қоржыны	-2 075 000	-1 500 000	-2 910 001	-500 005	<b>-6 985 006</b>	-3 750 000	-1 335 763	-3 219 840	-1 250 000	<b>-9 555 603</b>
3	Банк шығарған БҚ (o.i. %%)	-5 560 924	-1 887 499	-16 113 269	-1 887 499	<b>-25 449 191</b>	-562 500	-21 887 498	-562 500	-1 487 498	<b>-24 499 996</b>
4	Сыртқы міндеттемелерді өтеу (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0	0	0	0	<b>0</b>	0	0	0	0	<b>0</b>
5	Клиенттердің қаржысын өтеу (мерзімділік, а/ш)	-26 660 021	-26 660 021	-26 660 021	-26 660 021	<b>-106 640 085</b>	-33 832 956	-33 832 956	-33 832 956	-33 832 956	<b>-135 331 823</b>
6	Кредиттік қоржыннан беру	-24 292 081	-24 292 081	-24 292 081	-24 292 081	<b>-97 168 323</b>	-27 772 465	-27 772 465	-27 772 465	-27 772 465	<b>-111 089 861</b>
7	Ақшаның жылыстауы (ДАМУ)	-698 120	-21 338	-42 054	-21 305	<b>-782 817</b>	-42 020	-21 271	-41 997	-379 400	<b>-484 688</b>
<b>II</b>	<b>Жылыстайтын ақшалардың барлығы:</b>	<b>-60 161 146</b>	<b>-59 235 939</b>	<b>-71 892 425</b>	<b>-54 235 911</b>	<b>-245 525 421</b>	<b>-66 834 941</b>	<b>-85 724 953</b>	<b>-67 304 758</b>	<b>-66 597 319</b>	<b>-286 461 971</b>
<b>III</b>	<b>ӨТІМДІЛІК</b>	<b>-7 612 965</b>	<b>-3 262 758</b>	<b>-2 509 243</b>	<b>-2 262 725</b>	<b>-15 647 690</b>	<b>-1 479 520</b>	<b>-19 783 769</b>	<b>-2 479 497</b>	<b>-2 741 898</b>	<b>-26 484 684</b>
<b>IV</b>	<b>Өспелі қорытындылы өтімділік</b>	<b>55 672 036</b>	<b>52 409 278</b>	<b>49 900 035</b>	<b>47 637 310</b>	<b>47 637 310</b>	<b>46 157 790</b>	<b>26 374 021</b>	<b>23 894 524</b>	<b>21 152 626</b>	<b>21 152 626</b>

№ р/р	Атауы	2018 жыл					2019 жыл				
		I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы
1	Банкаралық нарыққа тартылғандар (Қазақстанның ішкі нарығында)	2 250 000	1 250 000	1 250 000	1 250 000	6 000 000	2 250 000	2 250 000	1 250 000	1 250 000	7 000 000
2	БҚ қоржыны	150 000	2 608 000	3 260 006	793 974	6 811 980	0	630 580	0	2 262 083	2 892 663
3	Банк шығарған БҚ					0					0
4	Сыртқы міндеттемелерді тарту (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0		0	0	0	0	0	0	0	0
5	Клиенттердің қаржысын тарту (мерзімділік, а/ш)	55 244 422	55 244 422	55 244 422	55 244 422	220 977 687	68 697 894	68 697 894	68 697 894	68 697 894	274 791 578
6	Кредиттік қоржынды өтеу	19 680 923	19 680 923	19 680 923	19 680 923	78 723 691	21 649 015	21 649 015	21 649 015	21 649 015	86 596 060
7	Басқа тартулар	0				0	0				0
<b>I</b>	<b>Ақша түсімдерінің барлығы:</b>	<b>77 325 344</b>	<b>78 783 344</b>	<b>79 435 350</b>	<b>76 969 318</b>	<b>312 513 357</b>	<b>92 596 909</b>	<b>93 227 489</b>	<b>91 596 909</b>	<b>93 858 992</b>	<b>371 280 300</b>
1	Банкаралық нарықта өтеу/орналастыру (Қазақстанның ішкі нарығында)	-1 250 000	-1 250 000	-1 250 000	-2 250 000	-6 000 000	-2 250 000	-1 250 000	-1 250 000	-1 250 000	-6 000 000
2	БҚ қоржыны	-1 400 000	-3 858 000	-4 510 006	-2 043 974	-11 811 980	-1 250 000	-1 880 580	-1 250 000	-3 512 083	-7 892 663
3	Банк шығарған БҚ (о.і. %%)	-562 500	-1 487 497	-562 500	-1 487 497	-4 099 994	-562 500	-1 487 496	-562 500	-1 487 496	-4 099 992
4	Сыртқы міндеттемелерді өтеу (Клиенттердің депозиттерін қоспағанда)	0	0	0		0	0		0		0
5	Клиенттердің қаржысын өтеу (мерзімділік, а/ш)	-43 713 673	-43 713 673	-43 713 673	-43 713 673	-174 854 693	-55 244 422	-55 244 422	-55 244 422	-55 244 422	-220 977 687
6	Кредиттік қоржыннан беру	-29 924 257	-29 924 257	-29 924 257	-29 924 257	-119 697 030	-32 688 587	-32 688 587	-32 688 587	-32 688 587	-130 754 348
7	Ақшаның жылыстауы (ДАМУ)	-38 186	-20 000	-25 458	-20 000	-103 644	-25 458	-20 000	-25 458	-640 215	-711 130
<b>II</b>	<b>Жылыстайтын ақшалардың барлығы:</b>	<b>-76 888 617</b>	<b>-80 253 428</b>	<b>-79 985 894</b>	<b>-79 439 402</b>	<b>-316 567 340</b>	<b>-92 020 966</b>	<b>-92 571 085</b>	<b>-91 020 966</b>	<b>-94 822 802</b>	<b>-370 435 819</b>
<b>III</b>	<b>ӨТІМДІЛІК</b>	<b>436 727</b>	<b>-1 470 083</b>	<b>-550 544</b>	<b>-2 470 083</b>	<b>-4 053 983</b>	<b>575 943</b>	<b>656 405</b>	<b>575 943</b>	<b>-963 810</b>	<b>844 481</b>
<b>IV</b>	<b>Өспелі қорытындылы өтімділік</b>	<b>21 589 353</b>	<b>20 119 270</b>	<b>19 568 726</b>	<b>17 098 643</b>	<b>17 098 643</b>	<b>17 674 586</b>	<b>18 330 990</b>	<b>18 906 934</b>	<b>17 943 124</b>	<b>17 943 124</b>